Түркістан облысының білім басқармасының « Жамбыл Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**2024-2025 оқу жылының ақпан айында атқарылған жұмыстардың есебі.**

Атбұлақ елді-мекені-2025 жыл

Ақпан айында алынған байқау тест нәтижесін басшылыққа ала отырып, әр пән бойынша мониторингілеуге және қатемен жұмысқа жіті мән берілді.

Мектеп ғимаратымен қоса интернат ғимаратында дәрігер мен медбике оқушыларға медициналық сараптама жүргізіп, оқушылардың денсаулығын қадағалады.

Интернат ғимаратында оқушылардың жүріс-тұрысы, өзара қарым-қатынасы, киім киістері, тәртіптері үнемі қадағаланып, оқушыларға ескертілді.

Интернатта техникалық қауіпсіздік, санитарлық-гигиеналык нормаларын, еңбекті қорғау нормалары мен ережелерін сақтауы қамтамасыз етілді.

Күнделікті оқушылардың білімдерін әр сыныптың тәрбиешілері тексеріп қадағалап отырды.

Интернаттың әрбір қызметкерлері еңбек тәртібін бұзбай,тапсырылған жұмыстарды ойдағыдай атқарды.

Ақпан айының бірінші онкүндігінде 10 абв сынып оқушыларының қатысуымен «Стресс және стресске төзімділік» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты - оқушылар арасында кездесетін ұсақ стресстің алдын-алу және оның түрлерімен таныстыру. Дөңгелек үстелде екі кезең қамтылды. Бірінші кезең түсінік жұмысы, екінші кезең жаттығулар мен сергіту сәттері болды. Бірінші кезеңде слайд арқылы оқушыларға жекелей және топпен сұрақ-жауап ұйымдастырылды.

- Стресс дегеніміз не?
- Оның түрлері болады ма?
- Адам организміне қалай әсер етеді?
- Адам неліктен стресске түседі?
- Стресстің өршуіне сыртқы фактор қалай әсер етеді?
- Стресстен шығу жолы және оның профилактикасы бар ма?

Қатысушылар еркін ой бөлісіп, өзара пікір алмасты. Кінші кезеңде «Карусель» жаттығуы орындалды. Мұнда оқушылар 4 топқа бөлініп, стресстің себебі, салдары, шығу жолы, нәтижесіне класстер құрды.






7абв сынып оқушыларымен «Ойнайық та, ойлайық!» тақырыбында бас қосу ұйымдастырылды. Оқушылармен сауықтыру материалдары арқылы жаттығулар орындатып, бір-бірімен қарым-қатынас жасау дағдылары

қалыптастырылды. Бас қосуда мектеп қабырғасында оқушылардың бір-біріне әлім-жеттік жасаудың әсері осы қарым-қатынастың қалыпты деңгейді өтпеуі нәтижесінде орын алып жатқандығы және оның алдын-алуда ортаның әсері бар екені айтылды.

Алдын-алу бағыты бойынша сынып жетекшілермен біргелікте 8-сынып оқушыларымен «Буллингтен қорған!» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Слайд арқылы ақпарат беріліп, түсінік жұмысы жүргізілді.

11-сынып оқушыларымен «Күйзеліс және оны алдын алу жолдары» тақырыбында тренинг өтті. Басты мақсат ҰБТ –ке дайындық кезінде қолдау көрсету, бағыт-бағдар беру. Оқушылар сыныпаралық қатынас, өзін сыйлау, тығырықтан шығу, өзіне сенімді болуға ынталандыру үшін жаттығулар орындады. Алдын-алу бағыты бойынша 11-сынып оқушылары тақырып аясында сұхбат жүргізді. Оқушылар сұхбаттасуда топпен /екі топ/ жұмыс жасады. Әр топ мүшелері үлкен ватманда адам сұлбасын сызып, қырқып, оның бір бетіне күйзеліс себептері, белгілерін жазды. Екі топ бірнеше фактілерді көрсетті. Белгілеріне ашушаңдық, жалқаулық, сылбырлық, көңіл-күйдің жоқтығы, ұйқыға тарту, ешкіммен араласпау секілді әрекеттерді баяндады. Себептеріне қысымның көбеюі, шамадан тыс талап, үлкен сенім, қорқыныш, үнемі ашушаңдық және т.б. көрсетті.



/11-сынып тренингтен көрініс/

«Мамандығым мақтанышым» тақырыбында мектеп түлектерімен кездесу өткізілді. 2011-2012 оқу жылында мектепті аяқтаған түлектер мектеп-интернатта өткізген қызықтарымен бөлісе отырып, болашақтағы мамандық таңдауда шатаспауға кеңес берді. Бірі медицинаның қыр сырымен бөліссе, бірі IT саласының басымдылығы туралы ой бөлісті.Болашақта көп мамандық компьютермен байланысты болатындықтан, IT саласының программаларымен тереңірек танысып, ізденіс үстінде болуға шақырды.




Алдын-алу бағыты бойынша мектеп әкімшілігімен біргелікте Қазығұрт ауданының ІІБ лейтенанты Нұрлан мырзамен кездесу өтті. Жиында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық, буллинг туралы елімізде

енгізілген заңнамалармен таныстырып, баланың өзіне, ата-анасына қатысты тың ақпараттармен бөлісті.

  

Сынып тәрбиешілердің сұранысы бойынша жоспардан тыс 8-сыныптарда дамыту сабақтары өткізілді. Басты мақсат сынып ішіндегі жағымды ахуалды, психологиялық климатты қалыптастыру болып табылады. Дамыту сапбақ барысында әр баланың іс-әрекетіне, сөйлеу мәдениетіне, қарым-қатынасы баса назар аударылды. Тақырып аясында ақпарат алмасып, ой түйіндеді. Орындалған жаттығулар:

- Қол алысу;
- Қақпан;
- Санамақ;
- Болота;
- Топтың жылдамдығы;
- Шеңберден шық ойыны;
- Рефлексия.

    

/8-сыныптармен өткен сабақ/

Тәрбиешілер мен ұстаздар тарапынан 2 сұраныс келіп түсті. Аталмыш оқушылармен арт-терапияның техникалары арқылы жеке жұмыс және топтық жұмыс жүргізілді. Кеңес беру бағыты бойынша М - 2, Т - 1, О – 10 кеңес берілді.

2025 жылдың 10 ақпаны күні - Бракераждық комиссияның тамақтану сапасын мерзімдік бағалау мақсатындағы мектеп–интернат асханасына тексеруі жүргізіп, кесім жасады. Мұнда оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және тамақтың сапасы, құрамы, температурасы басты назарға алынды.

 

Сонымен қатар жылдық жұмыс жоспарға сәйкес «Дұрыс тамақтану» бойынша жұмыстар жүргізілді. Мақсаты – оқушыларға мектеп асханасында тамақтану әдебі мен қағидалары туралы түсінік беріп, дұрыс тамақтану мәдениетін және сауатын қалыптастыру, пайдалы тамақтану туралы мәлімет беріп, асхана әдебі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Бұл іс-шара аясында оқушыларға ас мәзіріне кіретін тағам түрлері, күнделікті рационда болуы тиіс тағам түрлері, витаминдердің тәуліктік мөлшері жайлы ақпараттар беріліп, оқушылар салауатты тамақтануға шақырылды.

12 –ақпан күні 8 а – сынып оқушыларымен тренинг сабақтар өткізілді.

Тренингтегі топтық жұмыстың мақсаты-психологиялық мәселелерді зерттеу мен шешуге көмектесу, қарым-қатынастың психологиялық негіздерін зерттеу, өзін — өзі өзгерту мен мінез-құлықты коррекциялау мақсатында өзіндік саналарын дамыту, тұлғалық өсуі мен өзіндік дамуына ықпал ету.

 






2025 жылдың 19 ақпанында мектептің мәжіліс залында Қазығұрт АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция аға лейтенанты Азимбаев Нұрдәулет Бақытұлының қатысуымен «Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында жоғарғы сынып білім алушыларымен кездесу өтті. Кездесуге арқау болған республика және аудан көлемінде кәмелет жасына толмағандар арасында құқықбұзушылық фактілерінің көбеюі, телеарналардан республика аймағында балалар мен жасөспірімдердің қатысуымен болып жатқан түрлі қатыгездік жәйттер, соңғы кездері балалар мен жасөспірімдер арасында жиі қолданып, пайдаланып жүрген түрлі электрлі мопед, скутерлермен болған түрлі жайсыз оқиғалар, сонымен қатар мектеп қабырғасында балалармен орын алып отырған түрлі буллинг немесе кибербуллинг жағдайы, жағымсыз үрдіске айналған білім алушылар арасында электронды темекіні пайдалану жағдайлары болды.








27.02.2025 ж күні 9 а - 9 б сынып оқушыларымен мектеп ауласында тренинг сабақ өткізілді.




2025 жылғы 01 ақпан күні мектепішілік «Математикалық регата» олимпиадасына іріктеу өткізілді. Іріктеуге барлық мамтематика пәнінің мұғалімдері қатысты. Іріктеу нәтижесі бойынша Жодас Майқыби облыстық кезеңге ұсынылды. 2025 жылғы 07 ақпан күні Түркістан қаласы, С.Сейфуллин атындағы №4 мектеп-лицейінің базасында өткен математика пәнінің мұғалімдеріне арналған республикалық «Математикалық регата-2025» олимпиадасының облыстық кезеңіне математика пәнінің мұғалімі Жолдас Майқыби Құралбекұлы қатысып, нәтижесі бойынша жүлделі орынға ие бола алмады.

2025 жылғы 13-14 ақпан күндері ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми практикалық орталығының кеңейтілген оқу-әдістемелік кеңесін ұйымдастыруға қажетті тапсырмаларды орындау және қатысу үшін директорының ғылыми істері жөніндегі орынбасары А.Нурсейтов 2025 жылғы 12-13 ақпан күндері Түлкібас ауданының үш тілде оқытатын мамандандырылған Дарын мектеп-интернаты базасына, 2025 жылғы 14 ақпан күні Төлеби ауданының мамандандырылған Дарын

мектеп-интернаты базасына іс сапарға жіберілді. Кеңейтілген оку-әдістемелік кеңесін ұйымдастыруда өз еңбегі үшін ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми практикалық орталығының «Алғыс хатымен» марапатталды.

2025 жылғы 18-21 ақпан аралығында Ақтөбе қаласында жаратылыстаны-математикалық бағыты бойынша өткен жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының республикалық кезеңіне төмендегі кестедегі оқушылар қатыстырылды және нәтижесі бойынша II орын мен «Мақтау қазына» ие болды:

| № | Оқушының аты-жөні | Сыныбы | Жетістігі |
|---|---|---|---|
| 1 | Ізбасхан Нұрсая | 9 | Мақтау қағазы |
| 2 | Бақтыбек Ақтілек | 9 | II орын |






2025 жылғы 28 ақпан күні Түркістан қаласындағы БИЛ-нің базасында өткен «Жарқын болашақ» республикалық олимпиадасының облыстық кезеңіне төмендегі кестеде көрсетілген 8-9 сынып оқушылары қатыстырылып, нәтижесінде 7-сынып оқушысы Ергешбой Аягөз Кодирбойқызы «Мақтау қағазымен» марапатталды:

| **№** | **Қатысушының аты-жөні** | **Қатысатын бағыты** |
|---|---|---|
| 1 | Міркәрім Сұңғат Берікұлы | «Сөз шеберлері» |
| 2 | Ергешбой Аягөз Кодирбойқызы | «Білгірлер бәйгесі» |
| 3 | Бақтыбек Ақбота Русланқызы | «Әнші-бұлбұлдар» |
| 4 | Жақсылық Нұрбек Абдіғазыұлы | «Бейнелеушілер» |
| 5 | Байсынова Диана Әбдіхалыққызы | «Жас қаламгер» |

27.01. - 07.02.25ж күндер аралығында өзін-өзі басқару ұйымының онкүндігі өткізілді. Онкүндік аясында шаңырақ бірлестіктері арасында «Тапқыр болсаң, озып көр» атты интеллектуалды сайыс өткізілді.





Онкүндік аясында оқушылар арасында «Шахмат жарыс» өткізілді.





ӨӨБҰ-ң ұйымдастыруымен шаңырақ бірлестіктері арасында «Екі жұлдыз» байқауы жоғары дәрежеде өткізілді.





7-сыныптар арасында «Көшбасшылар керуені» атты дебат сайысы өткізілді.





Жаратылыстану әдіс бірлестігінің онкүндігі аясында химия пәнінің оқытушысы Әлтай Гульнар «Ертінділер» тақырыбындағы ашық сабағын жоғары дәрежеде өткізді.





7 а,б,в сыныптарымен “Қадырдың қадірлі жырлары” тақырыбында әдеби сазды кеш өткізілді.





"Оқуға құштар мектеп" жобасын іске асыру мақсатында ‘Кітапханаға кітап сыйла’ акциясы өткізілді.  Акцияның мақсаты: кітап мәртебесін көтеру, жастарды патриотизмге, еңбекті сүюге, жалпы ұлттық құндылықты әрбір жастың бойына сіңіріп, білімді де мәдениетті болып тәрбиеленуіне үлес қосып, кітап оқуды насихаттау, кітапхана қорын толықтыруға атсалысуға шақыру.






Ақпан айының I аптасында 7-10 сыныптармен  «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» тақырыбында сынып сағаты мен қауіпсіздік сабағы өтілді.




II аптада 7-10 сыныптармен «Буллингтен қорған!» тақырыбында сынып сағаты  және қауіпсіздік сабағы өтілді.





24.02.25ж күннен бастап  «Біртұтас тәрбие білім мен тәлімнің бірлестігі» тақырыбында сынып жетекшілер мен сынып тәрбиешілер әдіс бірлестігінің онкүндігі басталды.





14 ақпан-Халықаралық кітап сыйлау күніне орай ақпан айының 2 аптасында «Шын жүректен кітап сыйла!» атты акция жүрді.










Ақпан айының IY аптасында 7в сыныппен «Мұқағали-мәңгілік ғұмыр» тақырыбында әдеби кеш ұйымдастырылды.





Ақпан айының IY аптасында 9 сыныптармен Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлына арналған іс-шара ұйымдастырылды.





2024-2025 оқу жылының ақпан айына жоспарланған барлық жұмыст талапқа сай өткізіліп, айғақ құжаттары жауапты мамандарда жинақталды.

Мектеп директоры: Ж.Ахмедов